



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010900	«Математика»	1. Педагогика 2. Математиканы оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Элементар математика

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Педагогика
 2. Математиканы оқыту әдістемесі
 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 4. Элементар математика
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) даралық
- B) білім беру
- C) оқушы
- D) білім
- E) адам
- F) тәрбие
- G) индивид

2. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Толстой Л.Н., Слостенин В.А
- B) Слостенин В.А., Кузьмина Н.В
- C) Хмель Н.Д., Ушинский К.Д
- D) Дистервег А., Слостенин В.А
- E) Коменский Х.А., Джон Локк
- F) Ж.Ж.Руссо, Дистервег А
- G) Толстой Л.Н., Хмель Н.Д

3. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Қоғамдық тәрбие
- B) Экономикалық тәрбие
- C) Еңбек тәрбиесі
- D) Экологиялық тәрбие
- E) Адамгершілік тәрбиесі
- F) Әлеуметтік тәрбие

4. Педагогикалық үдеріс заңдылықтарындағы байланыстар:

- A) мерзімді
- B) қарапайым
- C) шартты байланыс
- D) тұрақсыз
- E) қажетсіз
- F) өзара
- G) диалектикалық
- H) субъективті байланыс

5. Тәрбие:

- A) Жеке тұлғаның тәрбиелілігі нәтижесінің белгілі бір эталонының болуы
- B) Өзін-өзі тәрбиелеу туралы ғылым
- C) Ата-ананы тәрбиелеумен айналысады
- D) Тәрбиеленушінің дүниетану көзқарасын қалыптастыру
- E) Оқу - тәрбие процесінің табысты болуын зерттейді
- F) Тұқымқуалаушылық бейімділік және микро-ортаның өзгерістерін жөнге келтіріледі
- G) Жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру процесі

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) мифологиялық білімдер
- B) діни білімдер
- C) дағдылар
- D) практикалық іскерліктер
- E) ғылыми-білімдер жүйесі

7. Тәрбие бағыттары:

- A) шыдамды-төзімділік, имандылық
- B) рухани-адамгершілік
- C) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- D) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- E) көпшілік-интернационалдық, азаматтық

8. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттар:

- A) Тұжырымдамалар
- B) Оқу жоспарлары
- C) Оқулықтар
- D) Әдістемелік нұсқаулар
- E) Оқулықтар, оқу құралдары
- F) Оқу-әдістемелік кешендер

9. Педагогиканың теориялық қызметтері:

- A) Түсіндіру
- B) Бағыттау
- C) Оқыту
- D) Қалыптастыру
- E) Тәрбиелеу

10. Педагогикалық әдіснаманың мәні:

- A) әдістер туралы ғылым
- B) арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылым
- C) тіл туралы ғылым
- D) философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану туралы ғылым
- E) философиялық теорияларды зерттейтін ғылым

11. «Форма» терминінің мәні білдіреді:

- A) Тәрбиешінің іс-әрекетінің көрінісін
- B) Тәрбие үдерісінің сырттай көрінісін
- C) Тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін
- D) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасын
- E) Тәрбиелік жұмыстардың және тәрбиелік шаралардың бірлікті жиынтығын
- F) Тәрбиелік шараларды жоспарлауын
- G) Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін жоспарлы ұйымдастыру жүйесін

12. Перспективалар түрлері (А.С. Макаренко бойынша):

- A) ұзақ мерзімді
- B) қысқа мерзімді
- C) альтернативті
- D) орта
- E) күрделі
- F) жақын

13. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Бақылау
- B) Жағдаятты талдау
- C) Индукция және дедукция
- D) Контент талдау
- E) Байқау
- F) Жұптық іс-әрекет

14. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) спорттық жұмыстар
- B) әдістемелік жұмыстар
- C) көркем-өнер жұмыстары
- D) ата-аналармен ұйымдастырушылық–педагогикалық жұмыс
- E) олимпиадаларға даярлық
- F) мектепті материалдық жабдықтау жұмыстары

15. Дидактика ғылым ретінде қарастырады:

- A) Қалай оқытамыз
- B) Баланы кім үшін оқытамыз
- C) Отбасында оқытамыз
- D) Нені оқытамыз
- E) Не үшін оқытамыз
- F) Балаларды кім оқытады

16. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ түрі:

- A) Біліктілікті қалыптастыру
- B) Диктант сабағы
- C) Аралас сабақ
- D) Қосымша сабақ
- E) Жаңа білімді меңгеру
- F) Өткен материалды қайталау, пысықтау

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- B) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары
- C) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- D) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- E) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- F) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- G) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- H) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі

18. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Бағыттауды
- B) Тұлға болмысын
- C) Диагностикалауды
- D) Бақылауды
- E) Басқаруды

19. Оқытуды бақылау түрлері:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Жеке
- C) Фронталды
- D) Хабарлық
- E) Топтық

20. И.П. Подласый бойынша оқыту әдістері:

- A) Педагогикалық
- B) Психологиялық
- C) Технологиялық
- D) Практикалық
- E) Сөздік

21. Ақпараттық технология:

- A) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- B) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- C) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- D) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- E) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- F) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді
- B) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді
- C) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- D) педагогикалық технологияларды іріктеуге қатысады
- E) білім беру мекемелерін жетілдіруге қатысады
- F) білім беруді реттеуді қамтиды
- G) оқыту әдістерін таңдауға ықпал етеді

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Педагогикалық отырыстар; әдістемелік кеңестер
- B) Педагогтарды психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау
- C) Психологиялық-педагогикалық тестілеу нәтижесін қадағалау
- D) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- E) Әдістемелік бірлестіктер
- F) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- G) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) дидактикалық
- B) жобалаушылық
- C) ғылыми
- D) зерттеушілік
- E) ұйымдастырушылық
- F) басқарушылық
- G) әдістемелік

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың мақсаты:

- A) Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру
- C) Тұлғаның әлеуметтік деңгейін жоғарлату
- D) Нарықтық экономикалық қатынастар орнату
- E) Педагог қызметкерлерінің әлеуметтік сауаттылығын қамтамсыз ету
- F) Ақыл ойын дамыту

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Математиканы оқыту әдістемесі

1. Кеңістіктегі түзулер өзара орналасуларына қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- A) Ұштас
- B) Айқас
- C) Бұрыштас
- D) Перпендикуляр
- E) Параллель
- F) Кері

2. Жиын түрлері:

- A) Тұтас жиын
- B) Қатарлық жиын
- C) Тең жиын, ішкі жиын
- D) Құр жиын
- E) Дара жиын
- F) Функциялық жиын
- G) Біртұтас жиын

3. Даралау дәрежесі бойынша ерекшеленетін өздік жұмыстардың түрлерін көрсетіңіз:

- A) зертханалық және сызбалық жұмыстар
- B) тексеретін өздік жұмыстар
- C) оқулықпен және оқу әдебиеттерімен жұмыс
- D) мазмұндары бірдей, бірақ әртүрлі тәсілдермен орындалатын өздік жұмыстар
- E) мазмұндары әр түрлі, бірақ бірдей тәсілмен орындалатын өздік жұмыстар
- F) мазмұндары әр түрлі және әртүрлі тәсілдермен орындалатын өздік жұмыстар

4. Танымның эмпирикалық әдісіне жататындар:

- A) тәжірибе әдісі
- B) аналогия әдісі
- C) индукция әдісі
- D) абстракциялау әдісі
- E) салыстыру әдісі
- F) дедукция әдісі

5. $\log_3(3^x - 8) = 2 - x$ теңдеуінің шешімі:

- A) 2
- B) 4
- C) -111
- D) $\sqrt{4}$
- E) $\ln e^2$

6. Нақты сандардың негізгі қасиеттері:

- A) Нақты сандардың қосындысы нақты сан болады
- B) Нақты сандарды өзара салыстыруға болмайды
- C) Кез келген нақты сандардың айырмасы комплекс сан болады
- D) Нақты сандардың қосындысы натурал сан болады
- E) Кез келген нақты санды периодты бөлшек түрінде жазуға болады

7. Дәлелдеудің құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

- A) демонстрациялау
- B) антитезис
- C) модельдеу
- D) абстракциялау
- E) бейнелеу

8. Психологияда қабілет мәселелерімен айналысқан ғалымдар:

- A) А.Бен
- B) В.Д. Небылицин
- C) У.Шелдон
- D) А.Е. Личко
- E) Б.М. Теплов

9. Сабақтың тәрбиелік мәні:

- A) Жіберілген уақыт
- B) Логикалық ойды дамыту
- C) Сабақтың басталуы
- D) Дүние таным көзқарасының практикамен байланысы
- E) Қиындық дәрежесі
- F) Өнегелік тәрбие жағы

10. Модельдік зерттеудің құрылымдары:

- A) Сызба қою
- B) Модель құру
- C) Жүйені қою
- D) Форма зерттеу
- E) Математиканы зерттеу
- F) Кибернетиканы зерттеу

11. Оқушыларды саралап оқытуға қатысты түсініктер:

- A) Қиындық дәрежесі
- B) Дүние таным көзқарасының практикамен байланысы
- C) Логикалық ойды дамыту
- D) Тапсырманың көлемі
- E) Жіберілген уақыт
- F) Оқушыларға көмек көрсету дәрежесі
- G) Сабақтың басталуы

12. Мектепте оқыту құралдар тобы:

- A) Мұғалімге арналған құралдар
- B) Бірыңғай құралдар
- C) Оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдары
- D) Студенттерге арналған құралдар
- E) Құралдар
- F) Математика кабинетіне арналған жабдықтар

13. Жалпылау - бұл:

- A) Объектілерді жалпы белгілері бойынша біріктіру
- B) Оқытылатын ережелердің елеулі белгілерін бөліп көрсету
- C) Оқытылатын объектілердің елеулі белгілерін бөліп көрсету
- D) Қарастырылып отырған объектілерді салыстыру
- E) Олардың ішіндегі ең бастысын, жалпы белгілерін бөліп алу

14. Математика сабағы:

- A) мектепте математиканы жаппай оқытудың түрі
- B) оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы
- C) мұғалімнің ғана іс-әрекетін қамтиды
- D) оқытуды ұйымдастырудың қосымша формасы
- E) оқушылардың ғана іс-әрекетін қамтиды
- F) оқытудың әдісі
- G) мектепте математиканы дербес оқытудың түрі

15. $|3 - x| < 2$ теңсіздігінің шешімі:

- A) $x \in (1; 5)$
- B) $(1; 5)$
- C) $1 \leq x \leq 5$
- D) $-1 < x < -5$
- E) $x \in (-1; -5)$
- F) $1 \geq x \geq 5$
- G) $(-1; -5)$

16. Конус жасаушысы l табанымен 30° бұрыш жасағандағы конустың биіктігі:

A) $2l$

B) $4l$

C) $l/2$

D) $-\frac{2l}{\sqrt[3]{64}}$

E) $\frac{l}{4}$

F) $\frac{2l}{\sqrt[3]{512}}$

17. Есептер классификациясы қызметтік ерекшелігі бойынша:

A) ынталандырушылық функциялы есептер

B) дәлелдеу есептері

C) танымдық функциялы есептер

D) есептеу есептері

E) дидактикалық функциялы есептер

18. Тек жаңа берілген теориялық білімді бекіту есептері:

A) шығару дағдысын бекітуге арналған есептер

B) үй тапсырмасын бекітуге арналған есептер

C) математикалық түсініктер мен оның анықтамаларын меңгертуге арналған есептер

D) білік қалыптастыруға арналған есептер

E) шығармашылық ойлауға арналған есептер

F) күрделілік деңгейі жоғары есептерді шешуге арналған есептер

G) аксиомалар мен теоремалерды түсінуге арналған есептер

19. Математика сабағындағы өзіндік жұмыс ерекшеліктері:

A) білімді қайталау және бекіту үшін ұйымдастырылатын жұмыстар

B) оқушылардың өздері ұйымдастырған жұмыстар

C) тек қана жеке жұмыстар

D) алынған білімді өзбетінше тексеру мақсатындағы жұмыстар

E) үлгі бойынша орындалған жұмыстар

F) жаңа материалдарды меңгерту үшін ұйымдастырылатын жұмыстар

20. Жазықтықта және кеңістікте орын ауыстырудың ортақ қасиеттері:
- A) Екі орын ауыстырудың комбинациясы да – орын ауыстыру
 - B) Орын ауыстыруға тура түрлендіру – орын ауыстыру
 - C) Теңбе-тең түрлендіру - орын ауыстыру
 - D) Орын ауыстыруға кері түрлендіру – орын ауыстыру
 - E) Теңбе-тең көбейту - орын ауыстыру
 - F) Орындауға кері түрлендіру – орын ауыстыру
 - G) Үш орын ауыстырудың комбинациясы да – орын ауыстыру
21. Ой қызметін ұйымдастыруда эмоционалдық жағдайға сүйену:
- A) Оқушылардың пайымдау белсенділігін арттыру тәсілдері
 - B) Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану
 - C) Таңданыс, ризашылық туғызу
 - D) Материалды жүйелеу
 - E) Сынып бөлмесін талғаммен безендіру
 - F) Дағдыны қалыптастырудың жүйелілігі
22. Дәлелдеу ережелері келесі заңдарға сүйенеді:
- A) Аксиома
 - B) Қарама - қайшылық
 - C) Дәлелдік
 - D) Ақиқаттық
 - E) Біртұтастық
 - F) Көрнекілік
 - G) Теңбе - теңдік
23. Дәлелдеудің құрамды бөлігі:
- A) Аксиома
 - B) Теорема
 - C) Дәлелі
 - D) Көрсету
 - E) Есеп
24. Өзіндік жұмыста оқушылар біртіндеп өзіндік жұмыс істеу әдістерін меңгереді:
- A) оқу қызметін жоспарлау
 - B) тәртіптілік
 - C) жұмыс мақсатын айқын түсіну және оны орындау
 - D) тексеру
 - E) шығаршылықпен жұмыс жасау
 - F) ұжымдық жұмыс
 - G) қатесін түзеу

25. Дәлелдеуді іздеудің жанама әдістері:

A) Алгебралық түрлендірулер әдісі

B) «Қарсыластық» әдісі

C) Бөлшектеу әдісі немесе шарттарын бөлу әдісі

D) Талдау қорытындысын өзгерту

E) Талдау шарттарын өзгерту

**Математиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Жаңа тәрбие жүйесін жасауға қажеттілікті айқындайтын жағдайлар:

- A) педагогтар тобындағы озық ойлардың пайда болуы
- B) жүйенің тұрақты жұмыс жасап тұруы
- C) әдістерді түрлендіру қажеттігі
- D) жүйенің қалыптасуы
- E) мектеп жұмысының тұрақтануы

2. Экологиялық тәрбиенің міндеті:

- A) Оқушыларда ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру
- B) Көркемөнер шығармашылығы, туындыларын насихаттау
- C) Спорт және дене шынықтырудың маңызын түсіндіру
- D) Оқушылардың ойлау операциялары мүмкіндіктерін дамыту
- E) Табиғатты қорғауға байланысты пайдалы еңбекке белсендіру
- F) Табиғатқа ұқыпты қарау және қорғауға үйрету
- G) Оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми біліммен қаруландыру

3. Эстетикалық тәрбиенің негізгі құрамдас бөліктері:

- A) Эстетикалық мәдениет
- B) Эстетикалық тәрбие
- C) Эстетикалық сезім
- D) Эстетикалық қабылдау
- E) Эстетикалық талғам
- F) Табиғат эстетикасы
- G) Қатынас эстетикасы

4. ҚР дарынды балалармен жұмыс жасайтын мекемелері:

- A) «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы
- B) Достық Үйі
- C) Кәсіпкерлер Палатасы
- D) Ана мен бала орталығы
- E) ҚР Ғылым академиясы

5. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушының міндеттері:

- A) мектеп директоры мен сынып жетекшілерінің қарым-қатынасын жақсарту
- B) мектептің шаруашылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету
- C) сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек беру
- D) бала тәрбиесімен айналысатын мекемелердің міндеттерін бөлу
- E) тәрбие жұмысын бақылау, тексеру, түзету, озат тәжірибені тарату

6. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал етуді көрсететін категория:

- A) Дамуға басшылық жасау
- B) Бақылау тәсілі
- C) Қозғау мен түйсік
- D) Тәрбие формасы
- E) Әлеуметтік тәрбиенің ықпалы
- F) Әлеуметтендіру заңдылықтары

7. Латынның «коллективус» деген сөзінің мағынасы:

- A) Топ
- B) Отбасы
- C) Қоғам
- D) Жиын
- E) Ұйым
- F) Ұжым
- G) Көпшілік

8. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Мадақтау
- B) Өзін-өзі басқару орталығы
- C) Мектептегі әдістемелік кеңес
- D) Жазалау
- E) Шаралар ұйымдастыру
- F) Тәрбиелік жағдаяттар

9. Мектептің тәрбие жүйесі дамуының бірінші сатысы:

- A) мақсатты іске асыратын адамдардың бірлігі
- B) жоспарды жүзеге асыратын адамдардың бірлігі
- C) жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру
- D) ішкі байланыстардың жеткіліксіз болуы
- E) жұмыс түрлері мен дәстүрді қалыптастыру
- F) жаңа жағдайларға бейімделу

10. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) көпшілік
- B) оқу бағдарламалары, құралдары аясында
- C) педагог, мектеп
- D) жеке
- E) топтық

11. Жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) сынып сағаты, кештер, сайыстар
- B) сценарий мен жоспарлар жазу
- C) мектепшілік жұмыстарды ұйымдастыру
- D) хабарлама даярлау
- E) тәрбие жоспарын талдау
- F) ұсынылған кітаптарды оқу
- G) өнер көрсетуге даярлау

12. Үйірме жұмыстарының маңызы:

- A) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тереңдетеді
- B) оқушының бос уақытын тиімді етеді
- C) балалардың жеке қызығушылықтарына қарай жүргізіледі
- D) оқылатын пәндер көрнекілікпен қамтылып, педагогтар тәжірибе алмасады
- E) авторитарлық тәрбие жүзеге асырылады
- F) кәсіби бағдар береді

13. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) ата-аналармен қарым-қатынас, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- B) оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру
- C) елдегі әлеуметтік жағдайларды зерттеу
- D) мектепті материалдық, техникалық қамтамасыз ету
- E) үй тапсырмасын жүйелі орындау
- F) мектеп ұжымына бейімделу

14. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- B) қиын баламен жұмысты қорытындылау
- C) сынып сағаттары
- D) тәрбие жоспары
- E) нарколог, ішкі істер органдарының қызметкерлерімен кездесулер
- F) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестер

15. Қиын балалармен жеке жұмыс кезеңдері:

- A) жеке-тұлғаға бағытталған әдістер негіздерін зерттеу
- B) тәрбие әдістері мен түрлерін таңдау
- C) тәжірибелік ұсыныстар қолдану
- D) баламен достық қатынасты тыю
- E) балалармен жұмыс кестесін құру
- F) озық тәжірибені талдау

16. Тақырыбын анықтау қажет болатын тәрбие жұмысының түрі:

- A) пресс-конференция, оқырман конференциясы
- B) сұрақ-жауап алу арқылы қарым-қатынасты анықтау
- C) демалыс кеші, көңілділер мен тапқырлар клубы
- D) отбасы мүшелерімен баланың қарым-қатынасын зерттеу
- E) пресс-конференция, оқырман конференциясы

17. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- B) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- C) өмірмен тығыз байланыстылығы
- D) жоспардың нақтылығы
- E) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі

18. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) Ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- B) «Баланың кітап оқу мәдениетін жетілдіру» тақырыбында сұхбаттасу
- C) Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- D) әріптестер мен басшыларды тұрақты қатыстыру
- E) Жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
- F) Балалардың жетістіктерін мадақтау
- G) ата-аналармен жеке әңгімелесу

19. Қазіргі отбасы дағдарысының сипатталуы:

- A) Бала асырап алуға заңды құқытың болуы немесе болмауынан
- B) Әлеуметтік құрылымның жедел өзгеруімен
- C) Ұлттық дәстүрді сақтамаудан
- D) Экономикалық жағдайларға баяу бейімделуімен
- E) Ата-аналардың ой-өрісінің тарылуымен
- F) Азаматтық некенің салдарынан
- G) Некеге тұрумен және оны бұзудағы еркіндікпен

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) пікірталас
- B) этикалық әңгіме
- C) мадақтау, марапаттау
- D) үлгі-өнеге
- E) тәрбиелік шара
- F) өзін-өзі басқару одағы
- G) шығармашылық орталықтар

21. Кеңестік педагогикада оқушылар ұжымын қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударғандар:

- A) Т.Е.Конникова
- B) А.С.Макаренко
- C) Т.А.Куракин
- D) А.В.Мудрик
- E) Л.И.Новикова
- F) А.Ж.Отарбай
- G) А.В.Луначарский

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Кешенді тәрбие жұмысына
- B) Тәрбие бағыттарына
- C) Мазмұнына
- D) Жазалауына
- E) Үнталандыруына
- F) Институтционалдық белгісіне

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- B) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- C) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- D) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- E) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- F) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- G) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- H) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау

24. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) ата-аналарға кеңес
- B) мектептің ата-анамен біріге шара ұйымдастыру
- C) өзін-өзі басқару кеңесі
- D) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- E) құрылтайшылар кеңесі

25. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Пікірталас
- B) Сендіру, этикалық әңгіме
- C) Тәрбиелік жағдаяттар
- D) Мадақтау
- E) Жазалау

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Элементар математика

1. Арифметикалық прогрессияның алғашқы жұп нөмірлі бес мүшесінің қосындысы 15-ке, ал алғашқы үш мүшесінің қосындысы – 3-ке тең екені белгілі болса, прогрессияның бірінші мүшесі мен айырмасы:

- A) $a_1 = -3, d = 2$
- B) $a_1 = -2, d = 1$
- C) $a_1 = -3, d = 1$
- D) $a_1 = -4/2, d = 1$
- E) $a_1 = -2, d = 2/2$

2. $\left(\frac{a}{x} - x^{\frac{1}{2}}\right)^{16}$ бином жіктеуінің орта мүшесі:

- A) $12760 \frac{a^7}{x^4}$
- B) $12760 a^7 x^{-4}$
- C) $\frac{12870}{a^{-8} x^4}$
- D) $12870 \frac{a^8}{x^4}$
- E) $12870 a^8 x^{-4}$

3. $a^6 - 1$ көпмүшелігін көбейткіштерге жіктегенде шығатын:

- A) $(a^3 - 1)(a + 1)(a^2 - a + 1)$
- B) $-(a - 1)(a + 1)(2a - a^2 - 1)(a^2 + 2a + 1)$
- C) $(a^3 - 1)(a + 1)(a^2 + a + 1)$
- D) $(a - 1)(a + 1)(a^2 - a + 1)(a^2 + a + 1)$
- E) $(a - 1)(a^3 + 1)(a^2 + a + 1)$

4. $\sqrt{3-2\sqrt{2}}$ сандық өрнегін ықшамдағанда:

- A) $1 - \frac{4}{\sqrt{8}}$
- B) $-(\sqrt{2}-1)$
- C) $1-\sqrt{2}$
- D) $-(1-\sqrt{2})$
- E) $\sqrt{2}-1$
- F) $\frac{2}{\sqrt{2}}-1$

5. $-\log_2 \log_2 \sqrt[4]{2}$ өрнегін есептесе:

- A) $-\log_2 \frac{1}{8}$
- B) 2
- C) $2\log_2 \sqrt{4}$
- D) $\log_2 8$
- E) $\log_2 4$
- F) 3

6. $(p^2 - 1)x = p^3 + 1$ теңдеуінің шексіз көп шешімі болатындай p-ның мәні:

- A) $p = -2/2$
- B) $p = 2^0$
- C) $p = 0$
- D) $p = -1$
- E) $p = 1$
- F) $p = 3/3$
- G) $p = (-1)^2$

7. $\begin{cases} 5x - 2y = 7, \\ 10x + 7y = 3. \end{cases}$ теңдеулер жүйесінің шешімі:

- A) $(2^0; -2^0)$
- B) $(1,4; 0)$
- C) $x = -1; y = -1$
- D) $x = 1; y = -1$
- E) $\left(\frac{7}{5}; 0\right)$
- F) $(-1; -1)$
- G) $(1; -1)$

8. Дөңгелек секторының ауданы:

A) $S_{сек} = \frac{\pi\alpha R}{360}$

B) $S_{сек} = 2R\beta$

C) $S_{сек} = 2Rl$

D) $S_{сек} = \frac{\pi\alpha R^2}{180}$

E) $S_{сек} = \frac{1}{2}Rl$

F) $S_{сек} = \frac{1}{2}R^2\beta$

G) $S_{сек} = \frac{\pi\alpha R^2}{360^\circ}$

9. Біртекті көпмүшеліктер:

A) $2x^2y + 2xy$

B) $3x^3y^2 - 2x^2y^2 + x^2y^3$

C) $2x + \frac{1}{y}$

D) $x - 2y$

E) $x^3 + 2x^2y - y^2x$

F) $x^2 - xy + y$

G) $x^2 - xy + y^2$

10. А мен В арақашықтығы 650 км-ге тең. А мен В-дан бір-біріне қарама-қарсы екі автобус шықты. Егер олар бір мезгілде шықса, онда 10 сағаттан соң кездеседі; егер біріншісі екіншісінен 4 сағ. 20 мин. ерте шықса, онда олар екіншісі шыққаннан кейін 8 сағаттан соң кездеседі. Онда әрбір автобустың орташа жылдамдығы:

A) $16\sqrt{4}$ км/сағ; $7\sqrt{16}$ км/сағ

B) $72/2$ км/сағ; $50/2$ км/сағ

C) 32 км/сағ; 28 км/сағ

D) $7\sqrt{25}$ км/сағ; $6\sqrt{25}$ км/сағ

E) $70/2$ км/сағ; $60/2$ км/сағ

11. $\frac{3x-2}{2x-3} < 3$ теңсіздігінің шешімі:

A) $\left(-\infty; \frac{2}{3}\right) \cup (1,5; +\infty)$

B) $x < \frac{2}{3}; x > \frac{3}{2}$

C) $\left(-\infty; \frac{3}{2}\right) \cup \left(\frac{7}{3}; +\infty\right)$

D) $x < 1,5; x > \frac{7}{3}$

E) $(-\infty; 1,5) \cup \left(2\frac{1}{3}; +\infty\right)$

F) $\left(\frac{2}{3}; \frac{3}{2}\right)$

G) $\left(\frac{2}{3}; 1\frac{1}{2}\right)$

12. $\frac{\sqrt{3+2x-x^2}}{x-2} \leq 0$ теңсіздігінің шешімі:

A) $[-1; 2) \cup \{3\}$

B) $-2/2 \leq x < 2; x = 9/3$

C) $(-\infty; -1] \cup (2; 3]$

D) $2 < x \leq 3; x \leq -1$

E) $6/3 < x \leq 3; x \leq -1$

13. $|2x+6| + |x-4| > 10$ теңсіздіктің шешімі:

A) $x < -4; x > 2\frac{2}{3}$

B) $(-\infty; -4) \cup \left(\frac{8}{3}; +\infty\right)$

C) $(-\infty; -4) \cup (0; +\infty)$

D) $(-\infty; -3) \cup (4; +\infty)$

E) $x < -4; x > 0$

F) $(-\infty; -2^2) \cup (0; +\infty)$

14. $\sin x \sin 2x < \sin 3x \sin 4x$ теңсіздіктің $0 < x < \frac{\pi}{2}$ аралығындағы шешімі:

A) $30^\circ < x < 45^\circ$

B) $36^\circ < x < 60^\circ$

C) $0 < x < \frac{\pi}{5}$

D) $\frac{\pi}{5} < x < \frac{\pi}{3}$

E) $x > \frac{\pi}{5}; x < \frac{\pi}{3}$

F) $\frac{\pi}{6} < x < \frac{\pi}{4}$

15. $\log_{0,3}(x-1) < \log_{0,09}(x-1)$ теңсіздігінің шешімі:

A) $(-\infty; 1) \cup (2; +\infty)$

B) $x < 1; x > 2$

C) $(-\infty; \log_{0,3} 0,3) \cup (\log_{0,3} 0,09; +\infty)$

D) $(\log_{0,3} 0,3; +\infty)$

E) $(1; +\infty)$

F) $(\log_{0,3} 0,09; +\infty)$

G) $(2; +\infty)$

16.
$$\begin{cases} \log_2 \log_3(x+y) = 1, \\ \lg x + \lg y = 3 \lg 2 \end{cases}$$
 теңдеулер жүйесін қанағаттандыратын сандар жұбы:

A) $\left(2^0; \frac{1}{2}\right), \left(\frac{1}{2}; 2^0\right)$

B) $(\ln e; 2), (2; \ln e)$

C) $(2; 3)$

D) $(1; 2), (2; 1)$

E) $(1; 8), (8; 1)$

17. $\cos\left(\arcsin\left(-\frac{4}{5}\right)\right)$ мәні:

A) $\frac{4}{5}$

B) $\frac{3}{5}$

C) $\frac{2}{5}$

D) 0,4

E) $\frac{1}{5}$

F) $\frac{4}{10}$

18. $y = \arcsin\left(\lg\frac{x}{10}\right)$ функциясының мәндері облысы:

A) $0 < y \leq \pi$

B) $-\frac{\pi}{2} \leq y \leq \frac{\pi}{2}$

C) $(0; \pi]$

D) $y > 0; y \leq \pi$

E) $y \leq \frac{\pi}{2}$

19. Ұзындығы 24 см-ге тең кесінді тең емес төрт бөлікке бөлінген. Шеткі бөліктерінің орталары арасындағы кесінді ұзындығы 20 см-ге тең. Ортаңғы бөліктерінің орталары арасындағы кесінді ұзындығы:

A) 3^2 см

B) 8 см

C) $\frac{8}{2}$ см

D) $\frac{4^2}{2}$ см

E) 9 см

F) 2^2 см

G) 4 см

20. 250 талапкер математикадан емтихан тапсырды, 180 адам «5»-тен төмен баға алды, ал 210 талапкер емтиханнан «2» алмады. «3» және «4» деген баға алған балалар саны:

- A) 210
- B) 140
- C) $420/2$
- D) 40
- E) $160/4$
- F) $210 \cdot \frac{2}{3}$
- G) $\frac{80}{2}$

21. ABC үшбұрышының қабырғалары 5, 6, 7-ге тең. Ортоцентрлік үшбұрыш периметрі:

- A) $8\frac{8}{35}$
- B) 8,6
- C) $\frac{61}{7}$
- D) $8\frac{3}{5}$
- E) $\frac{2 \cdot 12^2}{35}$
- F) $\frac{43}{5}$

22. Қабырғалары 10, 17 және 21 см болатын үшбұрышқа тіктөртбұрыш іштей сызылған. Оның екі төбесі үшбұрыштың бір қабырғасында, ал қалған екі төбесі үшбұрыштың басқа қабырғаларында жатыр. Егер тіктөртбұрыштың периметрі 22,5 см екені белгілі болса, оның қабырғалары:

- A) $\frac{30}{5}; \frac{21}{4}$
- B) $\frac{17}{2}; \frac{11}{4}$
- C) 6; 5,25
- D) 8,5; 2,75
- E) $\sqrt{72,25}; \sqrt{7,5625}$
- F) 4,25; 7

23. Тікбұрышты параллелепипедтің диагоналы мен бүйір қыры арасындағы бұрыш 30° құраса, ал табаны қабырғасы $2\sqrt{2}$ -ге тең шаршы болса, оның көлемі:

- A) 2^5
- B) $8\sqrt{4}$
- C) $\frac{4\sqrt{2}}{0,2\sqrt{2}}$
- D) 2^4
- E) $60/3$
- F) 20

24. Конус биіктігі 4-ке, табан радиусы 3-ке тең. Конустың бүйір беті жазықтықта жайылған. Алынған сектордың бұрышы:

- A) π
- B) 180°
- C) $\pi + \frac{2\pi}{9}$
- D) 216°
- E) $\pi + \frac{\pi}{5}$

25. Барлық қырлары 1-ге тең $ABCDEF A_1 B_1 C_1 D_1 E_1 F_1$ дұрыс алтыбұрышты призмадағы B нүктесінен $A_1 F_1$ түзуіне дейінгі қашықтықты табыңыз:

- A) $\frac{7}{2\sqrt{7}}$
- B) $\frac{\sqrt{5}}{2}$
- C) $\frac{5}{2\sqrt{5}}$
- D) $\frac{\sqrt{7}}{2}$
- E) $\sqrt{5} \cdot 2^{-1}$
- F) $\frac{5}{2}$

**Элементар математика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**